

"Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 105 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2026 жылғы 29 шілдедегі № 141 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 шілдеде № 39451 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 105 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5900 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров